



Тексеріс жүргізілді. «Данара» бөбекжай балабақшасы, Атырау қаласы, Молдагулова көшесі, 12 мекен сайында 2 қабатты бейімделген жеке тұрған ғимаратта орналасқан. «Данара» бөбекжай балабақша ұйымының аумағы қоршалған, ақауы жоқ. Сыртқы жасанды жарықпен қамтылған. Кіру жолдарының, кіре-берістердің, жаяу жолдардың, жолдардың қатты жабындымен қамтылған. Ғимаратының сыртқы аумағы жарықтандыру жабдығымен қамтылған, жұмыс қалпында. Қоқыс жинау үшін 1 қоқыс жәшігі қарастырылған, тығыз жабылатын қақпақтармен жабдықталған, қоқыс жинағыштар шаруашылық аймақта үш жағынан қоршалған, тазалауға және дезинфекциялауға жеңіл су өткізбейтін жабыны бар алаңға орнатылған. Қоқыстарды әкету үшін «Спецавтобаза»-ЖШС-мен келісім шартқа сәйкес тазартылады (04.07.2019ж №03-058). Аумағында басқа объекті орналаспаған, балалардың бойы мен жасына сәйкес келетін топтық ойын алаңшамен жабдықталған.

«Данара» бөбекжай балабақша ұйымының ғимараты жоба бойынша 6 топқа 95 балаға арналған.

Үй жайлар жиыны:

1-ші қабатта екі топ 40 балаға арналған 41,82шм, 39,68шм ойын бөлмесі және 35,70шм, 40,79шм жатын бөлмесі қарастырылған.

2-ші қабатта төрт топ 55 балаға арналған: 14 балаға арналған 29,48шм ойын бөлмесі және 26,52шм жатын бөлмесі, 12 балаға арналған 24,48шм ойын бөлмесі және 29,12шм жатын бөлмесі, 16 балаға арналған 39,88шм ойын бөлмесі және 29,58шм жатын бөлмесі, 13 балаға арналған 26,52шм ойын бөлмесі және 14,40шм, 13,75шм жатын бөлмесі қарастырылған.

Балалардың киімдерін шешінет 2 бөлме қарастырылған 24,20шм, 15,19шм және 11,2шм және 4 дәретхана -4,59шм, 5,32шм, 7,0шм, 7,92шм қарастырылған. Дәретхана бөлмесі балаларға арналған қол жууға арналған құралдары бар жуынатын раковина, шомылуға арналған ванна, шаруашылық шкафы, ағызу жүйесі орнатылған.

Медициналық пункт бірінші қабатында орналасқан, медициналық үй-жай және изолятор қарастырылған. Ас блогы бөлек 1-ші қабатта орналасқан-24,48шм болатын бөлмемен қамтамасыз етілген, ас қоймасы, шикі өнімдерді бөлшекеу бөлмесі, дайын өнімдерді бөлшектеу бөлмесі, тағамды тиеу бөлмесі, қызметкерлерге арналған дәретхана қарастырылған.

Ас блогында технологиялық процестердің бірізділігі көзделген, шикі және дайын өнімнің, шикі жартылай фабрикаттар мен дайын өнімнің, пайдаланылған және таза ыдыстардың қарама-қарсы ағынына жол берілмеген.

Асхана ыдыс-аяқтарын жуу үшін арнайы орын дайындалған, салқын және ыстық су келтірілген ыдыс жуу ванналары орнатылған. Тағам қоймалары құрғақ өнімдерді сақтау, көкөністерді сақтау болып бөлінген.

Ас блогының қызметкерлерінің киіміне арналған арнайы орын шкафымен қамтылған, қызметкерлерге арналған дәретхана қол жуғыш қарастырылған.

Аумағында балалардың әрбір жас топтары үшін жеке ойын алаңдары және топтық алаңда күн мен жауын-шашыннан қорғау үшін үш жағынан қоршалған көлеңке қалқа қарастырылған. Көлеңке қалқалардың едені ағаштан төселген.

Бөбекжай бақшасы ғимаратының үй жайларының едені және қабырғалары тегіс, саңылау немесе ақауы жоқ, механикалық зақымдалмаған.

Ас блогының қабырғалары ылғалды тәсілмен жинауға жол беретін материалмен қапталған.

Жылыту жүйесінің радиаторлары терезе астындағы қуыстарда орналастырылған, торлармен жабылған. Топтардағы балаларға арналған жиһазы мен жабдығы балалардың бой-жас ерекшеліктеріне сәйкес келетіндей етіп жабдықталған. Топтың ойын, оқу кабинеттері үстелдермен, арқалығы бар орындықтармен жабдықталған. Жиһазының негізгі өлшемдері осы Санитариялық қағидаларларға 5-қосымшаның 1, 2-кестелеріне сәйкес белгіленген. Балабақшадағы барлық жиһаз, жұмсақ, қатты мүкәммал, жабдық жұмыс жағдайында. Жатын бөлмелер жылжымалы кереуеттермен қамтамасыз етілген.

Дәретханада балаларға арналған унитаздар, қол жууға арналған құралдары бар жуынатын раковиналар, жеке ұяшықтары бар балалардың орамалдарына арналған қабырғаға ілінетін ілгіштер, шомылуға арналған ванна, шаруашылық шкафтары және ағызу жүйесі орнатылған.

Кіші жастағы балаларға арналған түбектердің, жеке түбектерге арналған таңбаланған ұяшықтарымен қамтылған.

Балаларға сатып алынған сабын, бір рет қолданылатын сүлгінің, ойыншықтардың сапасы мен қауіпсіздігін растайтын құжаттары бар.

Балалардың ойыншықтарын жууға арналған ыдыс және шүберек пен жөке таңбаланған. Су құбыры орталықтандырылған, ыстық су арнайы су ысытқыш арқылы қамтылған. Жылу жүйесі автономды түрде газ арқылы қамтылған, жұмыс қалпында.

Микробиологиялық және химиялық зертханаға құбыр суы алынып зерттелгені жөніндегі хаттаманы тексеріске ұсынды сәйкессіздік анықталған жоқ (1-02/05 26.05.2020ж, №2-02/05 26.05.2020ж). Ауыз су режимі ұйымдастырылған. Ауыз су (графиндерге, шәйнектерге) қайнаған су арқылы қамтылған, қайнатылған ауыз су үш сағаттан аспайтын уақыт сақталы қадағалған. Су ішу үшін таза шыны ыдыстар

айдаланады, таза және пайдаланылған ыдыс үшін таңбаланған жеке подностар бөлінген.

Жасанды жарық көздері электрүнемдегіш шамдары арқылы жарықтандырылады. тексеру кезінде істен шыққан шамдар болған жоқ. Бір үй жайда бір үлгідегі шамдар пайдаланылады.

Желдету жүйелері терезе арқылы ұйымдастырылған, ас блогында ауаны сорып шығаратын электрлі жүйеге қосылған желдеткіш орнатылған, жұмыс қалпында.

Барлық бөлмелеріне топтық үй-жайларында, медициналық пункт үй-жайларындағы ауа температурасын бақылау үшін ішкі қабырғаға 1м биіктікте бекітілген термометрлер орнатылған.

Бөлмелерінің оңтайлы микроклиматтық жағдайлары (температура, ауа қозғалысының жылдамдығы және ауаның салыстырмалы ылғалдылығы) зертханалық өлшем жүргізілген хаттама №19 19.05.2020ж сәйкессіздік жоқ. Жарық өлшеу хаттама №19 19.05.2020ж сәйкессіздік жоқ.

Балабақша бойынша део-хлор ерітінді пайдаланылады, тексеру кезінде дезинфекциялық таблетканың белсенділігі алынып зерттелді, сәйкессіздік анықталған жоқ. Жинау мүкәммалы (легендер, шелектер, жөкелер, шүберектер) таңбаланған және жеке үй-жайларға (санитариялық тораптар, медициналық пункт, ас блогының өндірістік үй-жайлары, топтық үй-жайлар) бекітілген, арнайы бөлінген орында сақталған.

Санитариялық тораптарға арналған жинау мүкәммалының сигналды таңбасымен қамтылған.

Жылу, электр жүйелеріне ривизия жүргізілген. Жәндіктерің, кеміргіштердің және басқа буынаяқтылардың ізі болған жоқ, олардың балабашада болуына жол берілмеген. Объектілерде дератизациялау және дезинсекциялау бойынша іс-шаралары ұйымдастырылған. (ЖК ДДД-18 01.03.2020ж)

Лас кірді жуу үшін «Өнерпаз» ЖШС-мен 18.02.2020ж №8-22-20 санды келісім шарт жасакталған. Топтардың жатын бөлмелері жылжылатын кереуеттермен жабдықталған. Бір жатын орынға үш төсек-орын жиынтығының көзделген. Барлық төсек-орын жабдықтары (матрастар, жастықтар, көрпе) мен төсек-орын таңбаланған.

Төсек-орын жабдықтары, орамалдар, жеке гигиена заттары (тіс щеткасы, тарақ, жөкелер) әр балаға жеке бөлінгені. Жеке тіс щеткалары, жөкелер ашық ұяшықтарда сақталған.

Ас мәзірі бойынша тамақ ішу кезіндегі интервал сақталған 3,5-4 сағаттан аспайды. Таңғы ас, екінші таңғы ас, түскі ас, бесін ас берілетін етіп жоспарланған.

Ас блогындағы турау құралдары пышақ тақтайлар таңбаланған, жабдықтар және ас үй ыдыстары санитариялық талаптардың қағидаларына сәйкес таңбаланған. Жұмыртқаны сақтау үшін арнайы ыдыс қарастырылған. Балаларға арналған асхан ыдыстармен аспаптарымен толықтай жабдықталған. (1-ші ас тарелкасы, 2-ші ас тарелкасы, ас қасық, шай қасық, бокал, салат салатын, нан салатын, подностар қарастырылған)

Балаларға арналған асханалық аспаптарды жуу үшін арнайы ыдыс жу орны қарастырылған. Асхана және ас үй ыдыстарын кентіру үшін арнайы торлар және стеллаж қарастырылған, ас үй ыдыстары сақталған.

Тамақ сақтайтын қоймада өнімдерін сақтау үшін 2 тоназытқыш мұздатқышмен және стеллаж, түп қойма қарастырылған.

Тоңазытқыш және мұздатқыштардың температурасын өлшейтін термометрлер орнатылған. Тамақ өнімдерін сақтау кезінде тауар көршілестігі сақталған. Өндірілетін өнімнің мәзірі санитариялық қағидалардың талаптарына сай жасакталып, басшымен бекітілген.

Тамақ дайындау тағамға кіретін өнімдердің тізбесі, олардың граммен массасы ("брутто"), дайын тағамның "нетто" салмағы (тағамның шығысы), химиялық құрамы (граммен), құнарлылығы, тағамды дайындау технологиясы туралы мәліметтер көрсетілген технологиялық карталармен қамтылған. Тыйым салынған тағамдар болған жоқ. Ас блогында дайын өнімнің тәуліктік сынамасын қалдыру үшін қақпағы бар таза шыны ыдыс қарастырылған.

Ас блогы қызметкерлері және техникалық персонал 2 жиын болатын арнайы киімдерімен (бас киім, халат, фартук, аяқ киім) қамтылған. Барлық қызметкерлер саны-12 медициналық тексерістен өтіп жұмысқа рұқсат белгісі қойылған кітапшалары жұмыс орында сақталған.

Топтағы бір балаға арналған нормасы сақталған. Аспазшы арнайы аспаз оқығаны жөнінде дипломмен қамтылған.

Медициналық кабинеттің жабдығы мен құрал-сайманы санитариялыққағиданың 9-қосымшасына сай және құжаттары 12- қосымшасына сай жабдықталған.

Өндірістік бақылау бағдарламасы жасакталған, өндірістік бақылау ұйымдастырылған. Зертханалық құрал саймандық өлшем жүргізу мақсатында ЖШС «ПрофитКасни» келісім шарт жасакталған №26 12.02.2020ж.

9. Құрылыс салуға бөлінген жер учаскесінің қайта жаңартылатын нысанның сипаттамасы (өлшемдері, ауданы, топырағының түрі, учаскенің бұрын пайдаланылуы, жерасты суларының тұру биіктігі, батпақтану, желдің басымды бағыттары, санитариялық-қорғау аумағының өлшемдері, сумен, канализациямен, жылумен қамтамасыз

ту мүмкіндігі және қоршаған орта мен халық денсаулығына тигізер әсері, дүние тараптары бойынша бағыты)  
(Характеристика земельного участка под строительство, объекта реконструкции; размеры, площади, вид грунта, использование участка в прошлом, высота стояния грунтовых вод, наличие заболоченности, господствующие направления ветров, размеры санитарно-защитной зоны, возможность водоснабжения, канализования, теплоснабжения и влияния на окружающую среду и здоровью населения, ориентация по сторонам света.) -

10. Зертханалық және зертханалық-аспаптық зерттеулер мен сынақтардың хаттамалары, сонымен қатар бас жоспардың, сызбалардың, суреттердің көшірмелері

(Протоколы лабораторных и лабораторно-инструментальных исследований и испытаний, а также выкопировки из генеральных планов, чертежей, фото)

Микробиологиялық және химиялық зертханаға құбыр суы алынып зерттелгені жөніндегі хаттаманы тексеріске ұсынды сәйкессіздік анықталған жоқ (1-02/05 26.05.2020ж, №2-02/05 26.05.2020ж).

Бөлмелерінің оңтайлы микроклиматтық жағдайлары (температура, ауа қозғалысының жылдамдығы және ауаның салыстырмалы ылғалдылығы) зертханалық өлшем жүргізілген хаттама №19 19.05.2020ж сәйкессіздік жоқ. Жарық өлшеу хаттама №19 19.05.2020ж сәйкессіздік жоқ.

**Санитариялық-эпидемиологиялық қорытынды**  
**Санитарно-эпидемиологическое заключение**

**"DANARA" бөбекжай балабақшасы**

(нысанмен, шаруашылық жүргізуші субъектінің (кәсіп-жарық) пайдалануға берілген немесе қайта жаңартылған нысандардың, жобалық құжаттардың, тіршілік ортасы факторларының, шаруашылық және басқа жұмыстардың, онымен, қызметтердің, автокөліктердің және т.б. толық атағы)  
(полное наименование объекта санитарно-эпидемиологической экспертизы, в соответствии с пунктом 8 статьи 62 Кодекса Республики Казахстан от 18 сентября 2009 года «О здоровье народа и системе здравоохранения»).

(санитариялық-эпидемиологиялық сараптама негізінде) (на основании санитарно-эпидемиологической экспертизы)  
**Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2017 жылғы 17 тамыздағы № 615 бұйрығымен бекітілген «Мектепке дейінгі ұйымдарға және сабилер үйлеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидалары Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 24 ақпандағы №128 бұйрығымен бекітілген «Міндетті медициналық қарап тексеруді өткізу қағидалары», Қазақстан Республикасы ДСМ 2018 жылғы 23 сәуірдегі №186 бұйрығымен бекітілген «Қоғамдық тамақтану объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2018 жылғы 28 тамыздағы №8 бұйрығымен бекітілген «Дезинфекция, дезинсекция және дератизация ұйымдастыруға және жүргізуге қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидалары, ҚР ҰЭМ 06.03.2015ж №209 бұйрығымен бекітілген «Су көздеріне шаруашылық ауыз су мақсаты үшін су жинау орындарына шаруашылық ауыз сумен жабыдықтауға және суды мәдени тұрмыстық пайдалану орындарына және су объектілерінің қауіпсіздігіне қойылатын» санитариялық қағидалары және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2016 жылғы 6 маусымдағы № 239 бұйрығы. "Өндірістік бақылауды жүзеге асыруға қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидалары, Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі «26.06.2017 жылғы №463 және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 20.07.2017 жылғы № 285 Бірлескен бұйрық «Халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласында тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттарын және тексеру парактары» талабына сәйкес келеді.**

Санитариялық ережелер мен гигиеналық нормативтерге (санитарным правилам и гигиеническим нормативам) сай немесе сай еместігін көрсетіңіз (соответствует или не соответствует)

**сай (соответствует)**

(нужно подчеркнуть) (указать)

Ұсыныстар (Предложения):

«Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасы Кодекстың негізінде осы санитариялық-эпидемиологиялық ұйғарымның міндетті түрде күші бар На основании Кодекса Республики Казахстан 18 сентября 2009 года «О здоровье народа и системе здравоохранения» № 193-IV ЗРК настоящее санитарно-эпидемиологическое заключение имеет обязательную силу

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің сапасы мен қауіпсіздігін бақылау комитеті Атырау облысының тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің сапасы мен қауіпсіздігін бақылау департаментінің Атырау қалалық тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің сапасы мен қауіпсіздігін бақылау басқармасы

Мемлекеттік санитариялық Бас дәрігері, қолы (орынбасар)

Атырауское городское Управление контроля качества и безопасности товаров и услуг Департамента контроля качества и безопасности товаров и услуг Атырауской области Комитета контроля качества и безопасности товаров и услуг Министерства здравоохранения Республики Казахстан

(Главный государственный санитарный врач (заместитель))

**Гайнеденов Канат Бахберганович**

тегі, аты, әкесінің аты, қолы (фамилия, имя, отчество, подпись)



